0288 ХФТ
Жүз бірінші тарауа – Жақсы адамдар жаман болып кеткенінде

Армысыз, ардақты ағайын, қымбатты тыңдарман! «Үміт ұшқыны» бағдарламасының кезекті санына қош келдіңіздер. Студияда сіздермен бірге — жүргізуші мен Сабыр. Сіздермен эфир арқылы қайта қауышып отырғаныма қуаныштымын. Біз Киелі Жазбаның Жаңа Өсиетіндегі алғашқы кітап — Матай жазған Ізгі хабармен танысып келеміз. Бүгін біз «Жақсы адамдар қалайша жаман болып кетеді?» деген тақырыпты қарастырамыз.

Көпшілік адамдар қателесуді алдын ала жоспарламайды. Әдейі бәрінің теріс болғанын қалайтын адам өте сирек кездеседі. Әдетте адамдардың ниеті дұрыс болады. Олар бәрі жақсы болғанын қалайды, дұрыс әрекет етемін деп ойлайды. Соған қарамастан, кейде ізгі ниетті адамдардың өзі қателеседі. Кейде бәріміз сүрінеміз, бәріміз сәтсіздікке ұшыраймыз. Бұл — өмірдің шындығы.

Ендеше, қателіктерден қалай сақтануға болады? Ол үшін Құдайға және Оның Сөзіне жүгінуіміз керек. Еремия 17:10-аятында былай делінген:

«Мен, Жаратқан Ие, әркімге жүріс-тұрысына және іс-әрекетінің жемісіне қарай қайтару үшін жүректі зерттеп, жан дүниені сынаймын».

Құдайдың көмегінсіз адам жиі қателеседі. Сондықтан Құдайдың ақиқаты бізге бағыт-бағдар беріп отыруы қажет. Басқалардың жіберген қателіктеріне қарап, өзіміз дұрыс жолды таңдауды үйренуіміз керек. Матай жазған Ізгі хабардың 23:13–22-аяттарында Иса Мәсіх Құдай Сөзін бұрмалап, адамдарды адастырған дінбасыларға өте қатаң сөздер айтты:

Дін мұғалімдері мен парызшылдар, екі жүзділер, сендер қасіретке қаласыңдар! (Халық үшін) Құдайдың Патшалығын халықтан жауып құлыптап қоясыңдар: өздерің де кірмейсіңдер, кіргісі келгендерге де жол бермейсіңдер! Дін мұғалімдері мен парызшылдар, екі жүзділер, сендер қасіретке қаласыңдар! Жесір әйелдердің үй-жайын ішіп-жеп тауысып, әдейі көзге түсу үшін ұзақ мінажат етіп жүрсіңдер. Сол үшін де бәрінен бетер қатаң жазаланатын боласыңдар-ау!) Дін мұғалімдері мен парызшылдар, екі жүзділер, сендер қасіретке қаласыңдар! Бір-ақ адамды болса да дінге кіргізу үшін жиһан кезіп, су кешесіңдер. Ал кіргізген соң оны өздеріңнен екі есе бетер теріс жолға салып, тозаққа түсетін қыласыңдар! Көр соқыр жетекшілер, сендер қасіретке қаласыңдар! Себебі былай деп үйретесіңдер: «Біреу киелі үйдің атымен ант етсе, сол мұнысын орындауға міндетті емес. Ал егер киелі

үйдегі алтынмен ант етсе, онда ол сол антын орындауға міндетті». Ей, соқыр да надандар-ай! Не артық, алтын ба немесе алтынды қасиетті ететін киелі үй ме? Сендер тағы: «Кім құрбандық үстелімен ант етсе, сол мұнысын орындауға міндетті емес. Ал егер ол соның үстіндегі құрбандықпен ант етсе, онда ол сол антын орындауға міндетті» дейсіңдер. Ей, соқырлар-ай! Қайсысы артық: құрбандық па, әлде соны қасиетті қылатын құрбандық үстелі ме? Ендеше, құрбандық үстелімен ант еткен сол үстелмен және оның үстіндегілердің бәрімен де ант береді ғой. Сол сияқты, киелі үйдің атымен ант еткен, киелі үймен және онда тұратын Жаратқан Иенің атымен де ант береді. Сондай-ақ, көктің атымен ант еткен, Құдайдың тағымен және тақ үстінде отырған Оның Өзінің атымен де ант береді.

Осы өте маңызды сөздер арқылы Иса жақсы адамдардың теріс жолға түскенде қандай жағдайға ұшырайтынын көрсетеді.

ОЛАРДЫҢ ҚҰЛШЫНЫСЫ ДҰРЫС БАҒЫТТАЛМАҒАН

Бір қарағанда бұл адамдар Құдай үшін жанын салып жүргендей көрінді. Алайда олардың құлшынысы Құдайдың еркіне емес, өздерінің діни жүйесіне бағытталған еді. Соның салдарынан олар өзгелердің Көк Патшалығына кіруіне кедергі келтірді.

Иса олардың адамдардың алдына жалған тосқауылдар қойғанын айтады. Олар Құдайға келгісі келгендердің жолына кедергілер орнатты. Өздері де Құдай Патшалығына кірмеді, әрі басқалардың да кіруіне мүмкіндік бермеді. Құдай талап етпеген нәрселерді міндеттеп, адамдарға ауыр жүк артты. Киелі кітапта жоқ ережелерді енгізіп, ақиқатты күрделендірді.

Олардың құлшынысы шындықты көруге мүмкіндік бермейтін рухани соқырлыққа айналды. Сондай-ақ олар ұзақ мінажаттарды да теріс мақсатта қолданды. Сырт көзге өте рухани болып көрінгенімен, жүректерінде арам ниет болды. Иса: «Жесір әйелдердің үй-жайын ішіп-жеп тауысып, әдейі көзге түсу үшін ұзақ мінажат етіп жүрсіңдер», — деді.

Олар қорғансыз жесірлерді пайдаланды. Ал өздерінің күнәларын жасыру үшін ұзақ дұға оқып, тақуалықтың бейнесін көрсетті. Сыртқы көріністерімен адамдарды алдауға тырысты. Сондықтан Иса олардың Құдайдың қатал сотына ұшырайтынын ескертті. Бұдан бөлек, олар адамдарды өздерінің діни жүйесіне тартуға ерекше күш жұмсады. Иса бұл туралы: «Бір-ақ адамды болса да дінге кіргізу үшін жиһан кезіп, су кешесіңдер. Ал кіргізген соң оны өздеріңнен екі есе бетер теріс жолға салып, тозаққа түсетін қыласыңдар», — деді.Олар адамның Құдайға жақындауына емес, өздерінің ықпалына түсуіне

көбірек мән берді. Адамды Құдаймен қарым-қатынасқа емес, діни дәстүрлерге байлады. Нәтижесінде сол адам бұрынғыдан да ауыр рухани жағдайға түсті. Міне, жақсы адамдар теріс жолға түскенде осындай қайғылы салдарлар пайда болады. Олар басқаларға кедергі келтіреді, рухани көрінуге тырысып екіжүзділікке барады және адамдарды шынайы Құдайға емес, өз жүйесіне жетелейді.

ОЛАР ЕРЕЖЕЛЕРДІ ДҰРЫС ҚОЛДАНБАДЫ

Ант беру — адамның салтанатты түрде жауапкершілік алуын білдіреді. Кез келген қоғамда белгілі бір ережелер болады. Бірақ мәселе ереженің бар-жоғында емес, оны қалай қолдануда. Парызшылдар мен дін мұғалімдері Құдайдың ақиқатын бұрмалап, ережелерді қате түсіндірді. Мысалы, олар: «Кім киелі үймен ант етсе, міндетті емес. Ал кім киелі үйдегі алтынмен ант етсе, міндетті», — деді.

Алайда Иса олардың қателігін көрсетті. Өйткені алтынның өзі киелі емес еді. Оны қасиетті ететін — Құдайдың киелі үйі болатын. Сондықтан алтын емес, киелі үй маңыздырақ еді. Сол себепті Иса: «Не артық, алтын ба немесе алтынды қасиетті ететін киелі үй ме?» — деп сұрады. Олар тағы бір ережені құрбандық үстеліне қатысты бұрмалады. Өздерінің айтуынша, құрбандық үстелімен ант ету маңызды емес, ал үстелдегі сый-тартумен ант ету міндетті саналатын. Бірақ шын мәнінде сый-тартуды қасиетті ететін — құрбандық үстелі еді. Сондықтан құрбандық үстелі одан әлдеқайда маңызды болатын.

Сол үшін Иса: «Қайсысы артық: құрбандық па, әлде соны қасиетті қылатын құрбандық үстелі ме?» — деді. Олар көкпен ант ету мәселесінде де қателесті. Иса көктің Құдай тағының орны екенін айтты. Сондықтан көкпен ант ету — Құдайдың Өзінің атымен ант ету деген сөз.

Иса былай деп түсіндірді: «Құрбандық үстелімен ант еткен сол үстелмен және оның үстіндегілердің бәрімен де ант береді. Киелі үйдің атымен ант еткен киелі үймен және онда тұратын Жаратқан Иенің атымен де ант береді».

Жақсы адамдар қателескен кезде олар ненің маңызды, ненің маңызды емес екенін шатастырады. Сөйтіп Құдайдың ақиқатының орнына адамдық түсініктерді қояды.

Иса Мәсіхтің бұл сөздері бүгін біз үшін де маңызды ескерту болып табылады. Біздің құлшынысымыз Құдайдың еркіне сай ма, әлде өз қалауымызға сай ма — соны тексеріп отыруымыз керек. Сондай-ақ өзіміз ұстанатын қағидаларды да қайта қарап, оларды Құдайдың мақсатына сәйкес

қолдануымыз қажет. Егер құлшынысымыз дұрыс бағытталса және ақиқатты дұрыс қолдансақ, біз адамдарға кедергі болмаймыз. Керісінше, оларды Құдайға жақындататын құралға айналамыз. Сондықтан жүрегімізді Құдай Сөзінің алдында үнемі тексеріп, Оның еркіне мойынсұнып жүрейік. Сонда жақсы ниетіміз бізді адастырмайды, қайта Құдайдың жолымен жүруге жетелейді. Аумин.